

2022 жылғы сәуірде аудандық мәслихаттың хатшысымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Table with 3 columns: № р/с, Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны, Қабылдау күні

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау орны: Тайынша қ., Центральний бұрылысы, 3 «А», «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы.

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат — 23072, «AMANAT» партиясының аудандық филиалы — 22047.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Table with 3 columns: №, Мемлекеттік органның атауы, Байланыс телефоны

Бұл телефондар арқылы мемлекеттік қызметкерлердің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Этика Кодексін бұзуы және сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасау фактілері туралы хабарлауға болады.

«СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ www.tsh.sko.gov.kz

2022 жылдың II тоқсанында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімімен, оның орынбасарлары мен және аппарат басшысымен жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 6 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә., Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан жері, Байланыс телефоны

Ескертпе: қабылдауға алдын ала жазылу 8 (71536)22-3-42 телефоны бойынша жүзеге асырылады


СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ТАЙЫНША ҚАЛАСЫ МЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІҢ ӘКІМДЕРІНІҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ II ТОҚСАНЫНДА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 6 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә., Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан орны, Байланыс телефоны

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТАЙЫНША АУДАНЫ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫ БАСШЫЛАРЫНЫҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ II ТОҚСАНЫНДА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 6 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә., Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан орны, Байланыс телефоны

НЕМЕРЕМ, ТУҒАН КҮНІҢМЕН!



Ата мен әже және олардың сүйікті немересі арасында ерекше байланыс бар екенін кім де болса, қолдайды. Немерелер - болашақ, бұл әлемді жақсарту үшін аталар мен әжелер қалдырған баға жетпес мұра. Немерелерсізді қайтадан жастық шаққа жетелеп, жүрегімен сезінетін ерекше жан. Олар туған күнінде қымбат сыйлықтардан гөрі шын жүректен және сүйіспеншілікпен бағалайтын ата-әжесінің жанынан табылғанды қалайды. Мұны бәрі біле бермейді. Ата мен әже туралы айтатын болсақ, бүкіл әлемде немеренің туған күнінде олардың жылы сезімдері мен құшақтарын алмастыратын сыйлық жоқ. Немерелері мейірімді, ақылды, әдемі, көңілді және ақжарқын болуы да ата-әжесіне байланысты десек, артық емес. Міне, осындай немере сүйіп, отбасында қуанышқа, береке мен мереке күндеріне жеткен отбасылардың бірі - Жұмағұловтар отбасы. 2019 жылы, сәуірдің 4 жұлдызында бұл отбасына Адия атты немере келіп, ата-әжесін зор қуанышқа бөледі. Міне содан бері 3 жыл уақыт өтті. Немере 3 жасқа келіп, туған күнде ағайын-туыс, құда-жекжат тағы бір өмірдің қуанышты сәттерін қарсы алады.

Кішкентай бөбек **Адия Еркебұлан қызы!** Туған күнің құтты болсын! Атаң Жанат Сапарғалиұлы, әжең Дариға Әлжанқызы және өз ата-анаң сені өте қатты жақсы көреді. Саған бақытты балалық шақ, ұзақ ғұмыр тілейді. Әр басқан қадамыңа сәттілік, кішкентай ғана құлыншақ!

*Мені күнде қуанышқа бөлеген,
Тәй-тәй тұрып келе жатыр немерем
Күндіз естен, түнде түстен шықпайды,
Тәтті еді, тәтті еді не деген,*

- деп немересіне атасы мен әжесі жыр жолдайды. Немереге ақ батасын беріп, ұзақ та бақытты өмір тілейді.

Жанат және Дариға Жұмағұловтар.
Тайынша қаласы.

«ДЕБЮТ» ШАХМАТ-ДОЙБЫ КЛУБЫНДА



2022 жылдың 27 наурызында Чкалов ауылдық округінің ғимаратының «Дебют» шахмат-дойбы клубында, дойбыдан турнир өтті, ол поштамен хат алмасу негізінде өткізілген Бүкіл одақтық дойбы чемпионатының жүлдегері Ержан Өмір Қанапияұлын еске алуға және туғанына 80 жыл толуына арналды. Турнирге Чкалов, Алабота ауылдық округтерінің өкілдерімен бірге Ақжар ауданы Алқатерек ауылының дойбышысы, барлығы 20 дойбы ойынының әуесқойлары қатысты. Осы сайыс Өмір марқұмның ұрпақтарының демеуімен өтті. Марапат мынандай санаттарда жүргізілді: ерлер, әйелдер, жасөспірімдер, бойжеткендер. Алдын ала дайындалып арнайы фотосы қондырылған мадақтамамен бірге медальдар, ақшалай сыйлықтар табыс етілді. Демеуші - Жанат Өмірұлы турнир қызықты өтуін қадағалай отырып - жақсы комбинация қолданғаны үшін; ең жас ойыншыға; белсенділігі; турнирдің өткізінуіне ат салысқаны үшін - атты қосымша сыйлықтар тағайындады. Жарыс әр ойыншыға 15 минут уақыт беріліп 7 тур көлемінде өтті. Ымырасыз күрес барысында нәтижелер келесідей болды: 1-орын, сонымен қатар клуб ұсынған ауыспалы кубокті, 1 дәрежелі атаулы мадақтаманы, медальды 3000 тенге ақшалай сыйлықты клубымыздың беделді ардагер дойбышысы Тасов Нұғыман жеңіп алды; 2-орын, аналогтық грамотаны, медальды, 1000 тенге сыйлық ақшаны Ақжар ауданынан келген қонағымыз Боранбаев Айшөк иеленді; 3-орынды грамотамен бірге медальды 500 тенге және жақсы комбинация қолданғаны атты сыйлыққа Бабаев Сергей ие болды.

Әйелдер арасында Цацункевич Оксана үздік болды, оған 1 дәрежелі мадақтама, медаль және 3000 тенге ақшалай сыйлық табыс етілді; 2 дәрежелі мадақтама, медаль және 1000 тенге ақшалай сыйлыққа тағы бір қонағымыз Алаботадан келген Егорова Света ие болды. Жасөспірімдер арасында - Жан-лин Артём 1 орынға шықты, оған клуб ұсынған жастарға арналған ауыспалы кубокті, 1 дәрежелі мадақтама, медаль және 3000 тенге ақшалай сыйлық табыс етілді; 2 дәрежелі мадақтама, медаль және 1000 тенге ақшалай және ең жас ойыншыға арналған сыйлыққа Жарасхан Иман ие болды; 3 орынды грамотамен бірге медальды 500 тенге ақшалай сыйлықты Цецхладзе Алексей иемденді. Бойжеткендер арасында ең үздік нәтиже Дондых Аяулым көрсетті. Оған 1 дәрежелі мадақтама, медаль және 3000 тенге ақшалай сыйлық табыс етілді; 2 дәрежелі мадақтама, медаль және 1000 тенге ақшалай сыйлыққа Жарасхан Бағлан ие болды; 3 орынды грамотамен бірге медальды 500 тенге ақшалай және турниршімдердің ең жас ойыншысына арналған сыйлыққа Дондых Ажар ие болды.

Турнирдің соңында сөз алған Өмір ақсақалдың жары Жеміс ханым барлық жарысқа қатысушыларға және ұйымдастырушыға рахметін айты. Марапат алғандарды жеңістерімен құттықтап. Артынан жарысқа қатысушыларды үйлеріне шақырып ас берді.

Орынбай Сейітов,
«Дебют» ШДК жаттықтырушысы,
турнирды ұйымдастырушы.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы

Ағымдағы жылғы 17 наурызда Тайынша ауданының кезектен тыс сессиясында № 145 мәслихаттың шешімімен Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамы бекітілді, оған енгізілгендер:

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Кім ұсынды
1	Исса Гериханович Боков	«Вайнах» Солтүстік Қазақстан облыстық ингуш мәдени орталығы» ҚБ
2	Борис Вечеславович Галицкий	өзін-өзі ұсыну
3	Нина Васильевна Горькая	өзін-өзі ұсыну
4	Михаил Григорьевич Гусев	«Қарулы Күштерінің Ардагерлері» РҚБ Петропавл қаласы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы
5	Самат Серікұлы Жемпейсов	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ филиалы

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Кім ұсынды
6	Нұршағара Дулатқызы Ізтаева	өзін-өзі ұсыну
7	Светлана Витальевна Кочелабова	«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Тайынша аудандық филиалы
8	Анатолий Павлович Рафальский	өзін-өзі ұсыну
9	Гүлмира Сатвалдықызы Сабирова	«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ
10	Мереке Жақсылықұлы Хамзин	«AMANAT партиясы» қоғамдық бірлестігінің Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық филиалы
11	Қайрат Кеңесұлы Шәріпов	өзін-өзі ұсыну
Резерв		
1	Айнұр Башарқызы Бейсенбаева	«Білім және ғылым қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіптік одағының Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымы» ҚБ «Тайынша аудандық комитеті» филиалы
2	Александр Нагметоллаұлы Жұмабеков	Солтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлер палатасы Тайынша ауданының филиалы

Аудандық мәслихат

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 110. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.